

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы

Есмаил Ильяс Аманқұлұлы

Балқаш мыс балқыту зауытының жағдайында мыс концентраттарын
балқытуға арналған Ванюков пешінің жобасы

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B070900 – Металлургия мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты


«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғ-н канд.,

 М.Б.Барменшинова

« 15 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Балқаш мыс балқыту зауытының жағдайында мыс концентраттарын балқытуға арналған Ванюков пешінің жобасы»

Мамандығы 5В070900 - Металлургия

Орындаған

Есмаил И.А.

Ғылыми жетекші

техн. ғыл. канд., ассоц. проф

 Б.С.Баимбетов

« 15 » маей 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы

5B070900 – Металлургия мамандығы



**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Есмаил Ильяс Аманқұлұлы

Тақырыбы: Балқаш мыс балқыту зауытының жағдайында мыс концентраттарын балқытуға арналған Ванюков пешінің жобасы

Университет Ректорының *2019 жылғы "08" қазандағы №1113_б* бұйрығымен бекітілген
Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі *2019 жылғы "24" мамыр*

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: өндірістің жалпы сипаттамасы, процесінің физика-химиялық негіздері, есептеуге қажетті бастапқы мәліметтер, шығын коэффициенттері




Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі
а) әдебиетке шолу, процесінің теориялық негіздерін зерттеу
б) технологияны негіздеу, технологиялық есептеулер жүргізу
в) өмір-тіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау сұрақтары
г) жұмыстың экономикалық тиімділігін есептеу

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)
Сызба материалдарының _____ слайдта көрсетілген
Ұсынылатын негізгі әдебиет 11 атаудан тұрады


**Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Өндірістің жалпы сипаттамасы	14.01.19-03.02.19	
Процестің физика-химиялық негіздері	04.02.19-28.02.19	
Жобалау шешімдері және технологиялық есептер	01.03.19-24.03.19	
Өндіріс экономикасы	25.03.19-14.04.19	
Еңбек қорғау және тіршілік қауіпсіздігі	15.04.19-24.04.19	
Сызбаларды орындау	25.04.19-05.05.19	
Қорытынды	06.05.19-10.05.19	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (Ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономика бөлімі	Баимбетов Б.С., техн.ғылым.канд., ассоц.профессор	15.05.19	
Еңбек қорғау бөлімі	Баимбетов Б.С., техн.ғылым.канд., ассоц.профессор	15.05.19	
Норма бақылау	Қойшина Г.М., PhD- докторы, лектор	15.05.2019	

Ғылыми жетекші



Баимбетов Б.С.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы



Есмаил И.А.

Күні

"20" қаңтар 2019 ж.

АНДАТПА

Дипломдық жоба – беттік түсіндірмелік жазбадан, -- суреттен, -- кестеден және – әдебиет көздерінен тұрады.

Бұл жұмыста Балқаш мыс балқыту зауытының жағдайында мыс концентраттарын балқытуға арналған Ванюков пешінің жобасы жасалды. Жобада мыс концентраттарын өңдеу тәсілдеріне шолу жасалып, процестің теориялық негіздері зерттелді. Ванюков пешінде балқыту бойынша өндірістің жұмысы мен шикізаттардың құрамдары жазылды.

Жобада балқыту процесі бойынша технологиялық есептеулер, өміртіршілік қауіпсіздігі және еңбек қорғау сұрақтары және экономикалық тиімділік бойынша есептеулер орындалды.

Сызба бөлімде технологиялық схема, пештің конструкциясының сызбасы жасалды.

АННОТАЦИЯ

Дипломный проект состоит из страниц пояснительной записки, рисунков, таблиц и источников литературы.

В данной работе спроектирована печь Ванюкова для плавки медных концентратов в условиях Балхашского медеплавильного завода. В проекте сделан обзор на способы переработки медных концентратов, исследована теоретическая основа процесса. Описаны работа производства по способу Ванюкова и составы исходных материалов.

В проекте выполнены технологические расчеты, рассмотрены вопросы безопасности жизнедеятельности и охраны труда и произведены расчеты по производственной экономике.

Также выполнены чертежи: конструкция печи и технологическая схема производства.

ANNOTATION

The graduation project consists of pages of explanatory notes, figures, tables and sources of literature.

In this work, the Vanyukov furnace was designed for smelting copper concentrates under the conditions of the Balkhash smelter. The project made an overview of the processing of copper concentrates, investigated the theoretical basis of the process. The work of the production according to the Vanyukov method and the compositions of the starting materials are described.

The project carried out technological calculations, addressed issues of life safety and labor protection, and made calculations for the production economy.

Also made drawings: furnace design and technological scheme of production.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ		9
1	Жобаның тақырыбын негіздеу	10
1.1	Мыс концентраттарын өңдеу тәсілдеріне шолу	10
1.2	Өндірістің сипаттамасы	11
1.2.1	Балқаш мыс қорыту зауытына Ванюков процесін енгізу тарихы	11
1.2.2	Негізгі және қосалқы құрылғылар кешенінің сипаттамасы	12
1.2.2.1	Пеш конструкциясы мен балқыту технологиясының негіздері	12
1.2.2.2	Шихтаны дайындау және тиеу жүйесі	16
1.2.3	Шикізат пен шихталы материалдарға сипаттама	16
1.2.3.1	Мыс концентраттары	16
1.2.3.2	Флюстер және өнеркәсіп өнімдері	17
1.2.3.3	ВП балқыту шихтасын дайындау	18
2	Ванюков пешінде балқытудың физика-химиялық негіздері	20
2.1	Ванюков автогенді процесіне сипаттама	20
2.2	Үрлеу зонасындағы физика-химиялық процестер	20
2.3	Мыстың шлакпен бірге жоғалуы	22
3	Жобаланатын өндіріс сипаттамасы және технологиялық	24
3.1	Өндірістің қысқаша сипаттамасы	24
3.2	Шикізат базасы, жобалатын цехтың құрамы	24
3.3	Негізгі технологиялық және жобалық шешімдер	26
3.4	Технологиялық есептер	28
3.4.1	Материалдық баланс есебі	28
3.4.2	Жылулық баланс есебі	29
3.4.3	Пештің негізгі өлшемдерін есептеу	29
4	Өндірістік экономика есебі	30
5	Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі	31
5.1	Еңбек қорғаудағы ұйымдастыру шаралары	31
5.2	Технологиялық процестің қауіпті және зиянды факторлары	31
5.3	Қауіпті және зиянды өндірістік факторлармен күресу шаралары	32
ҚОРЫТЫНДЫ		33
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР		34
А қосымша		36
Б қосымша		39
В қосымша		43
Г қосымша		44

КІРІСПЕ

Мыстың сульфидті концентраты тотықтыру атмосферасында төменкалорийлі отын ретінде жанады. Себебі сульфидті шикізатты пирометаллургиялық өңдеу кезінде тотығу реакциясы нәтижесінде біршама жылу бөлінеді. Сондықтан оны балқыту кезіндегі жылудың дефицитін азайту және отын шығынын төмендету үшін қолдануға болады. Жылу балансын көтермелейтін экзотермиялық реакцияның жылуын қолданатын процестерді автогендіге жатқызамыз. Ванюков процесі осындай автогенді болып есептеледі.

Сульфидтік шикізатты сұйық ваннада балқытудың теориялық негізін зерттеу алғаш рет «Мәскеу болат және қорытпалар институты» «Ауыр және түсті металдар металлургиясы» кафедрасында профессор А.В.Ванюковтың басқаруымен жүргізілген болатын. Жартылай өндірістік сынақ және өндірістік енгізулерді Балхаш және Норильск тау-кен металлургия комбинаттарында және де өзінің басқаруымен Гинцветмет институтының РОЭМЗ Рязанск заводында жүргізген болатын. А.В.Ванюков 1949 жылы осы идеяны ұсынған және көп жылдар бойы зерттеген. Сондықтан 1988 жылдан бастап сұйық ваннада балқыту процесін «Ванюков процесі» деп, ал пешті “Ванюков пеші” (ВП) деп атайды.

Балқаш мыс қорыту зауытында ВП-нің жартылай өндірістік сынағы 1974 жылы алғаш рет жүргізілді. Содан бері жетілдіріліп келеді. 2000 жылы ВП-нің шихта өнімділігі сағатына 120 т-ға дейін жоғарлату үшін газарна жолының реконструкциясы жасалды және 2001 жылы шлақтың тұну уақытын көбейту үшін электромиксердің реконструкциясы жасалды, ол үшін электромиксердің ауданы үлкейтіліп, электродтар саны 6-ға жетті. Осы жетістіктердің нәтижесінде пеште мысты-мырышты шикізаттарды өңдеуге және қажетті құрамды шлақ алуға мүмкіндік туды – бұл осы жобаның негізгі жаңалығы болып саналады.

1 Жобаның тақырыбын негіздеу

1.1 Мыс концентраттарын өңдеу тәсілдеріне шолу

Қазіргі кездегі металлургияның ерекшелігі – ол күннен-күнге кедейленіп келе жатқан мыс концентратын өңдеу. Сонымен бірге, шикізаттың минералдық құрамының күрделенуі үлкен қиыншылық туғызады. Осы жағдайлардың барлығы мыс концентратын өңдеу технологиясына жаңа талаптар қояды. Жалпы айтқанда, ең қолайлы технология ол эксплуатациялық шығындар мен капиталды салымдардың неғұрлым аз болуы. Бірақ та, мұнымен бірге ХХ ғасыр адамзат алдына қоршаған ортаны қорғау проблемасын да көтерді. Біз осы қиыншылықтардың бәрін есептеп отыруға міндеттіміз. Сондықтан да, мыс концентратын өңдеу кезінде біз өзімізге ең қолайлы үрдісті таңдауымыз қажетпіз. Ол үшін мыс концентратын өңдеу тәсілдеріне шолу жасап, қарастырып шығуға тиіспіз.

Шарпыма пеште балқыту, электр балқыту, шахталы пеште балқыту сияқты традициялық технологиялық үрдістер қазіргі талаптарға жауап бермейді. Шарпыма пештердің негізгі кемшілігі бойынша сипаттамалары – меншікті өнімділік төмен, көміртекті отын шығынының үлкен болуы және газ көлемі үлкен болғанымен ондағы күкірт ангидридінің құрамы төмен (1,0-2,5%) болады. Сонымен бірге, күкірт, мырыш, қорғасын, кадмий, германий, рений және тағы басқа бағалы компоненттер шарпыма балқыту кезінде көп жоғалады [1].

Электр пештерінде мыс концентратын балқыту үлкен электр энергия шығынымен сипатталады. Электродтарды алмастыру, қозғалту кезінде пеш герметизациясының нашар болуы нәтижесінде шығатын газдағы күкіртті ангидрид құрамы төмен болады.

Шахталы пеште мыс концентратын балқыту оның брикеттелінуін немесе жентектелінуін талап етеді. Мұның барлығы үрдісті күрделендіреді және қымбаттатады.

Соңғы кездері мыс концентратын өңдеуде дүние жүзі бойынша автогенді үрдістер кең қолданылыс табуда. Мұны автогенді үрдіс кезінде, яғни сульфидтердің тотығуы нәтижесінде экзотермиялық реакциялардан бөлінетін үлкен жылуды отын ретінде дұрыс пайдаланумен түсіндіруге болады. Сол себепті автогенді үрдістерде көміртекті отынды аз көлемде пайдалануға болады. Автогенді үрдістердің тағы бір ерекшелігі ол кедей мыс концентраттарымен жұмыс істеуге мүмкіншілік береді. Сондай тиімді автогенді үрдістердің бір түрі мыс концентратын «сұйық ваннада балқыту» немесе Ванюков пешінде балқыту болып саналады [2].

Ванюков үрдісінің тағы бір артықшылығы – ол мыстың шлакпен аз мөлшерде жоғалуы және барботаждалу кезінде шикізат құрамындағы бағалы компоненттердің айдалу жағдайының жақсаруы. Мұны пештің бүйір жағында орналасқан фурмалардың әсерімен түсіндіруге болады. Осы фурмалар арқылы оттегі үрлеу кезінде пеш ішіндегі шлак барботаждалады, соның салдарынан

мыстың тез шөгуі басталады және бұл жағдай мыстың шлакпен кетпеуіне әсер етеді.

Негізінен автогенді балқыту түрлері көп. Әсіресе бұл үрдіс шет елдерде жақсы дамыған деуге болады. Мыс концентратын балқыту бойынша автогенді үрдістердің келесі түрлері кең тараған: ұсақ дисперсті материалды аспалы жағдайда балқыту, оттекті-факелды балқыту, КИВЦЭТ үрдісі, «Мицубиси», «Норандо», Аусмелт, Айзасмелт, ТБРЦ (Калдо) айналмалы конвертерінде балқыту және т.б.

Ванюков үрдісінің артықшылықтарын келесі жағдайлармен түсіндіруге болады: өнімділіктің жоғары болуы; мыс концентраты аса қатты құрғату мен ұнтақтауды талап етпейді; мыстың шлакпен жоғалуы аз; көміртекті отынды көп қажет етпейді.

1.2 Өндірістің сипаттамасы

1.2.1 Балқаш мыс қорыту зауытына Ванюков процесін енгізу тарихы

Сульфидтік мысты шикізатты «сұйық ваннада» балқытудың теориялық негізін зерттеу Мәскеу болат және қорытпалар институтының «Ауыр және түсті металдар металлургиясы» кафедрасында профессор А.В. Ванюковтың басқаруымен жүргізілген болатын. Жартылай өндірістік сынақ және өндірістік игеруін Балхаш мыс қорыту зауыты, Норильск тау-кен металлургия комбинатында және де өзінің басқаруымен Гинцветмет институтының Рязань заводында жүргізген болатын. Процесті А.В. Ванюков 1949 жылы ұсынған және көп жылдар бойы тексеріліп зерттелді. 1988 жылдан бастап «сұйық ваннада балқыту» процесі “Ванюков процесі” деген атқа ие болды, ал ол процестің пешін «Ванюков пеші» (ВП) деп атады [2].

ВП-нің жартылай өндірістік сынағы бірінші рет Балқашта (ол кездегі атауы БТМК) 1974 жылы жүргізілді. Бұл сынақты жүргізуде Мәскеу болат және қорытпалар институты, ҚазКСР ҒА-ның Металлургия және байыту институты және ҚазКСР Түсті металдар министрлігінің зерттеушілері қатысты. 1974-1979 жылдары ВП-нің сынақтау процесінде пеш конструкцияларының негізгі элементтері жасалып, балқытудың негізгі технологиялық сипаттамасы алынған болатын. 1985 жылы Гипроцветмет институтының жобасы бойынша бірінші балқыту кешені пайдалануға жіберілді, ал 1987 жылы екіншісі жіберілді.


1997 жылдан бастап БТМК-да ВП кешенінің модернизациясы жүргізілді. 1999 жылы шаң шығуын төмендету үшін ВП пешінің реконструкциясын жүргізді, ол үшін сору ауданын үлкейтіп, жою қазанды Оралэнергоцветметтің жаңа конструкциясына ауыстырды. 2000-шы жылы ВП-нің шихта бойынша өнімділігі сағатына 120 т-ға дейін жоғарлату үшін газарна жолының реконструкциясы жасалды және де 2001-ші жылы шлақтың

сұйық болу уақытын жоғарлату үшін электромиксердің реконструкциясы жасалды, ол үшін электромиксердің ауданы үлкейтіліп, электродтар саны 6 дана болды. Бұл шаралардың жасалуынан мыс-мырыш шикізатын да өндеуге және жоба көрсеткіштеріне сай шлак алуға мүмкіндік берді.

1.2.2 Негізгі және қосалқы құрылғылар кешенінің сипаттамасы

1.2.2.1 Пеш конструкциясы мен балқыту технологиясының негіздері

Балқаш мыс қорыту зауытының (БМКЗ) балқыту бөліміндегі мысқұрамды концентраттарды өңдеу кешенінің негізгі элементінің бірі Ванюков пеші (1-сурет) болып табылады. Бұл пеш мысқұрамдас шихтаны балқытып, мысты штейн, үйінді шлак және күкірт диоксидінің құрамдас газын алуға арналған [3].



1-шихта; 2-үрлеу; 3-штейн; 4-шлак; 5-газдар; 6-пештің қалауы; 7-құйылған мыс кессондары; 8-фурмалар; 9-тиеуші құрылғы; 10-аптейк; 11-штейн сифоны; 12-шлак сифоны

1 Сурет – Ванюков пешінің схемасы [3]

Ванюков пеші тік бұрышты құрылғыдан тұрады, онда үстінгі бөлікте қатармен орнатылған кессондармен суытылатын кессондандырылған шахтасы, күмбезі, отқа төзімді кірпішпен қапталған көрік, штейн мен шлак үздіксіз шығып тұратын құрылғылары (сифон) және уақытымен газды суытқыштарға түсіретін технологиялық газды шығаратын аптейктен тұрады. Пешке шихтаны түсіру күмбездегі тесік арқылы жасалады. Балқыма ваннасы оттегі құрамды үрлеумен барботаждалады, ол пеш шахтасының бүйір

кабырғаларында тік бағытталған фурмалар арқылы жүргізіледі. Фурма белдігі пеш шахтасын биіктігі бойынша екіге бөледі, биіктік қатынасы бойынша үстінгісі төменгі бөлігіне 2,5:3 қатынасындай. Үрлеудің себебінен ванна балқымасында екі аймақ пайда болады: үстінгісі барботаждалған бөлігі, ал төменгісі салыстырмалы тыныш аймақ [3].

Пештен штейн мен шлак шығатын сифон жұмысына сәйкес пеште штейннің нақты деңгейі анықталады, сол себепті оттеққұрамдас ауа шлак балқымасына беріледі. Қарқынды араласатын үрлеудің (барботирование) себебінен шлакты ваннада үрленетін оттеқпен темір сульфиді, күкірт және шихтадағы көміртегінің әрекеттесуіне, қиынбалқитын шихта құраушының шлакта еруіне, шлак пен штейннің түзілуіне әкеледі. Шлак пен штейн бөлінуі барботирлеуші зонада басталып фурмадан төменгі жерде аяқталады. Пештің фурмадан төменгі жерінде балқу өнімдері тік-тура бағытта қозғалуынан шлак штейнмен көп есе жуылуына және оның біршама азаюына байланысты шлак пен бағалы металдардың механикалық жоғалуынан сақтайды.


Пеш отқа төзімді кірпіштен горн типтес қаланған және жұмыс кезінде пештің ішінде штейн жиналады. Горн биіктігі – 1,1 м. Кірпішті қалау пешасты плитасының үстіне салынып, темірбетон фундаментке тұрғызылады. Пештің шеткі қабырғаларына суытқыш мыс кессондары орнатылған.

1 Кесте – Ванюков пешінің негізгі көрсеткіштері

Аталуы	Көрсеткіштері
Пеш түрі	ВП - 2050
Құрғақ шихта бойынша өнімділігі, т/тәулігіне	1920-2880
Шихта бойынша меншікті сәл балқыту, т/сағ.	80-120
Шихта ылғалдылығы, %	6-дан көп емес
Пеш жұмысының режимі	Үздіксіз
Фурма аумағындағы балқыту зонасының өлшемдері: ұзындығы, м - ені, м - ауданы, м ²	17,40 2,10 30,13
Пешастынан балқыту зонасына дейінгі фурмалардың орнатылу биіктігі, мм	1655
Балқыту зонасындағы фурмалар саны, дана	40
Бүріккіштер (форсунка) саны, дана. - штейн сифонында - шлак сифоныда - жанып біту камерасында - штейнді миксерде	1 1 2 1
Отын	Мазут

Аталуы	Көрсеткіштері
МЕСТ бойынша қалыпты шарттарды қанағаттандыратын шығын, м ³ /сағ.:	
- технологиялық оттегі;	22000
- фурмаға қажет ауа	10100
- жанып біту камерасындағы жанарғыға арналған оттегі-ауа қоспасы	5200
Кететін газ шығымы, нм ³ /сағ	~36000
Жанып біту камерасындағы жанарғыға отын шығыны, кг/сағ.	200
Қысым, кПа (кгс/см ²):	
- технологиялық оттегінің	120 (1,20)
- фурмадағы ауаның	120 (1,20)
- жанарғыдағы ауаның	25 (0,25)
- оттегі-ауа қоспасының	120 ,20)
Концентрациялануы, % :	
- үрлеудегі оттегінің	70-90
- кететін газдағы күкірт диоксидінің	38,9
Суытуға берілетін қайтарымды химиялық таза судың шығыны, м ³ /сағ	~1100
Химтаза судың қысымы, кПа (кгс/см ²)	600 (6)
Суытатын судың температура өзгерісі , °С	12±3
Температура, °С:	
- балқыманың	1300
- кететін газдардың	1250-1350
- суытқыштан шығатын судың	70-тен аспайды
Пеш аптейкінде сығымдау, Па	0,5-2 мм. су бағ.
Кететін газдардың шаңдылығы, г/м ³	6-тан артық емес
Балқыту өнімдерінің шығымы, т/тәулігіне:	
- құрамында 50% мысы бар штейн	~874
- құрамында 0,66% мысы бар шлак	1333-1870
Балқыманың шығарылуы	сифонды
Балқыманың аппараттық шығарылуы	шпур саңылауы арқылы

ВП пешінде балқыту бойынша технологиялық схема 2- суретте келтірілген



2 Сурет – ВП балқытудың технологиялық схемасы

1.2.2.2 Шихтаны дайындау және тиеу жүйесі

Ванюков пешіне шихтаны дайындау, қаттамалы шихта қоймасында (шихтарник) жүргізеді. Балқыту кезінде клинкер мен көмір қоймадан тікелей пеш шанабына (бункер) жіберіледі.

Қаттама салу үшін шихта қоймасында арнайы үш секция бар. Әрқайсысының сыйымдылығы 11000-13000 тонна. Шихтаны орташалаңдыру үшін үш УБ-120-3 типті құрам орташалаңдыру машинасы пайдаланылады. Оның өнімділігі 140 м³/сағ. Орташалаңдыру машинасы қосалқы аралықтағы (пролет) траверсті арбаша арқылы бір бөлімшеден екінші бөлімшеге орын ауыстырады [2,3].

Шихта орташалаңдырғаннан кейін қармалауыш тасымалдағыш (скребковый транспортер) арқылы қалақшалы түсіргішке, ал одан таспалы конвейерге тиеледі.

Шихтаны пешке тиеу төрт шихта шанаптары арқылы жүргізіледі. Олардың сыйымдылығы 50 м³. Түскен шихтаны есептеу үшін тасмалдағыштағы салмақ өлшеуіштері (дозатор) орнатылған.

Көмірді тиеу сыйымдылығы 40 м³ және екі дозалағыштан тұратын көмірлі шанаптар арқылы жүргізіледі.

1.2.3 Шикізат пен шихталы материалдарға сипаттама

1.2.3.1 Мыс концентраттары

Мыс концентраттарына сипаттама 2-кестеде берілген.

2 Кесте – Мысты концентраттардың химиялық құрамы

Материал-дар аталуы	Құрамдары, %									
	Cu	SiO ₂	Fe	Al ₂ O ₃	CaO	S	Pb	As	Zn	MgO
Концентрат	20,63	6,89	23,79	3,32	0,63	32,58	4,91	1,23	4,69	1,22

2-ші кестеде көрсетілгендей концентраттардың құрамы бойынша мысқа кедей, ал күкірт пен мырышқа бай. Концентраттардың минералдық құрамы бойынша мысты минералдарға халькозин, халькопирит, борнит, ал қалған минералдарына пирит, кварц, ең төмен дәрежеде карбонаттар мен алюмосиликаттар жаталы. Сатпаев және Балқаш концентраттарының салыстырмалы минералдық құрамдары 3-кестеде берілген.

3 Кесте – Сатпаев және Балхаш концентраттарының минералдық құрамы

Минералдар	Құрамдары, %	
	Сатпаев	Балхаш
Cu ₂ S	26,0-30,0	0-12,0
Cu ₅ FeS ₄	18,0-20,0	1,0-3,5
CuFeS ₂	6,0-9,0	12,0-13,0
FeS ₂	1,0-2,0	49,0-50,0
PbS	2,0-4,0	-
ZnS	1,5-2,5	-
SiO ₂	25,0	17,0
Al ₂ O ₃	4,0	5,0
CaO	0,5-1,0	0,5
MgO	0,5-1,0	0,5
Басқалары	8,0-9,0	1,3

1.2.3.2 Флюстер және өнеркәсіп өнімдері

Флюсты ВП шихтасына, шлактын нақты қасиетін, нақты химиялық құрамын, нақты тығыздығын, нақты тұтқырлығын және онымен қоса түсті металдардың минималды кетуін қамтамасыз ету үшін қосады [3]. Флюстардың сипаттамасы 4- кестеде келтірілген.

4 Кесте – Флюстардың сипаттамасы

Флюстардың атаулары	Химиялық құрамы, % масс						Үйінді сал-мағы, т/м ³	Қоспа, %	
	Cu	Fe	S	SiO ₂	CaO	Al ₂ O ₃		As	Pb
Құрамында алтыны бар концентрат	-	10-20	10-20	30-40	0,4-4	5,0-7,0	1,67-1,75	-	0,05-
Кварц кені	-	-	-	60-80	0,8-7	2-12	1,65-1,75	-	0,6
Әктас	-	-	-	2,5-10	45-53	0,05-15	-	-	-
Қоңырат қалдықтары	-	-	-	70	-	-	-	-	-
Саяк қалдықтары	-	-	-	-	-	-	-	-	-

Кремнийқұрамды флюс ретінде негізінен Қоңырат қалдығы мен алтынқұрамды флюс қолданады. Клинкер сипаттамасы 5 -кестеде берілген.

5 Кесте – Клинкердің сипаттамасы

Аталуы	Химиялық құрамы, % масс						Үйінді сал-мағы, т/м ³	Қоспалары, %	
	Cu	Fe	S	SiO ₂	CaO	Al ₂ O ₃		Fe _м	C
Клинкер	1-8	20-25	4-10	14-16	1,0-3,6	2-4	1,45-1,55	10-30	8-20

Клинкер мырыш өндірісінің жартылай өнімі, оның құрамында үлкен мөлшерде көміртек және металды темір болады. Бұдан басқа оның құрамында мыс, мырыш, 5 г/т дейін алтын және 200 г/т дейін күміс болады.

Көмір Қарағанды бассейнінен келесі құраммен түседі (6- кесте).

6 Кесте – Көмірдің құрамы

Атауы	Ұшатын, %	Күлділігі	Ылғалдылығы, %
Қарағанды	28-29	30	7
Шұбаркөл	27-45	24-ке дейін	13-ке дейін

Көмірдің жылу бөлу мүмкіндігі:

- Қарағанды көмірі 5550-6500 ккал/ кг;

- Шұбаркөл көмірі 4200-6000 ккал/ кг.

Қайтарымалы мысқұрамды материалдың құрамы 7-кестеде берілген.

7 Кесте – Қайтармалы мысқұрамды материалдың сипаттамасы

Шикізат атауы	Химиялық құрамы, % масс							Үйінді салмағы, т/м ³
	Cu	Fe	S	SiO ₂	CaO	Al ₂ O ₃	Fe ₃ O ₄	
Қайтармалы материал	8-35	2-12	9-30	20-40	2-4	4-13	15-25	3,4-4,0

Қайтармалы мысқұрамды материалдарға конвертор аралығындағы шөміштің (ковш) қабыршағы, сынық, кәделеуіш қазандық шаңы, камера және циклон шаңдарынан жатады. Қабыршақ пен сынықтарды –10 мм-ге дейін ұсату керек.

1.2.3.3 ВП балқыту шихтасын дайындау

ВП пешінде балқытуға шихтаны қаттамалы шихта қоймасында дайындайды. Концентраттар мен флюстар шихта есебінің келесі құрамынан орташаландырылады, % масс:

- мыс – 15-21;
- күкірт – 28-36;
- кремний диоксиді –13-17.

Қаттамаға салынатын материалдың ылғалдылығы 6%-дан аспауы керек.

Қайтарымды мысқұрамды материалдардың құрамында магнетит 20%-ға дейін, оны ВП пешінде өндіруге салған кезде магнетит шихта салмағынан 1-4%-ға дейін салынады. Шихтадағы күкірт 28-36%-ға дейін, және де пириттің магнетитке қатынасы балқыту үшін оптималды 1-8 аралығында болуы керек.

Клинкер мен көмір шихтаға пеш жанындағы шанаптан (бункер) салынады, және де қаттамаға (штабель) клинкерді толтыру керек.

2 Ванюков пешінде балқытудың физика-химиялық негіздері

2.1 Ванюков автогенді процесіне сипаттама

Мыс сульфидінің концентраттары тотықтыру атмосферасында төмен калорийлі отын деп саналады. Сульфидті шикізатты пирометаллургиялық өңдеу кезінде тотығу реакциясы нәтижесінде біршама жылу бөлінеді, оны балқыту кезіндегі жылудың дефицитін азайту және отын шығынын төмендету үшін қолдануға болады. Жылу балансын көтермелейтін экзотермиялық реакцияның жылуын қолданатын процестерді автогендіге жатқызамыз. Ванюков процесін осындай түрге жатқызамыз. Мұнда жылу режимін сақтау үшін сульфид пен күкірттің оттегімен үрлеуінің әсерінен тотығуынан бөлінетін жылуды қолданады. Жылу бөліну сульфид пен оттегі әрекеттесіп реакцияға түсу себебінен, барлық жылуды сұйық ваннадағы балқыма өзіне сіңіреді.


2.2 Үрлеу зонасындағы физика-химиялық процестер

ВП-нің үрлеу зонасының негізгі физика-химиялық әрекеттесетін орын болып табылады: оттегімен үрлегенде, шихта компоненттері тотығуы, кварц және т.б. шлак түзушілердің еруі, шлак пен штейннің түзілуі жатады. Пайда болған штейн тамшылары үрлеуіштің астыңғы зонасына отырып, содан кейін штейн фазасына өтеді. Үрлеу зонасына сульфидті шихтаның үздіксіз түсуі және одан штейн тамшыларының шығуы шартында барботаж зонасында нақты қатынастағы шлак-штейнді эмульсия пайда болады. Мұнда эмульсияның негізгі фазасы шлакпен диспергирленген штейн болады. Шлак-штейнді эмульсия шлак көлемі бойынша ~ 95%-ға және штейн көлемі бойынша ~ 5% [3].

Пештің үрлеуіш зонасында шлак-штейнді эмульсияны барботажды және энергиялық араластыруынан жылу және массаалмасудың жоғары жылдамдықтарымен қамтамасыз етеді. Бұл барлық барботирленген балқыма бөлігінің балқыма өнімінің құрамы мен температурасына тез түзелуіне әкеледі [1-3].

Үрлеуіш зонасына түсірілетін материал барботирленетін зонадағы шлактың барлық көлеміне тез жайылады. Түсірілетін материалдар ваннадағы

балқымаға түскен жағдайда жоғары сульфидтердің диссоциациясы болады, мысалы:



Төмен сульфидтер (Cu_2S , FeS) еріп штейн тамшыларын құрайды.



Балқымаға оттеkkұрамды ауа берген кезде шихта және балқыма компоненттерінің тотығуына әкеледі. Реакцияның термодинамикалық мінездемесіне сәйкес бірінші болып көмір жанады, оның негізгі жанушы компоненті көміртек болады [4]:




Қалған оттек күкірт пен темір сульфидтерінің тотығуына жұмсалады:





Шлакта еріген темір мен мыстын сульфидтері де тотығады:



Бұдан басқа шлактану және FeO -ның кейбір бөлігінің магнетитқа дейін тотығу реакциялары жүреді.



Балқыма мен үрлеуіш зонасында темір сульфиді, күкірт және тотықсыздандырғыштар болуы себебінен магнетиттің тотықсыздануы мен шлактын сульфидтенуіне мүмкіндік пайда болады:



Магнетиттің толық тотықсыздануы үшін бір жағынан ол сульфидтермен максимум уақыт әрекеттесуі керек, екінші жағынан реакцияның жақсы жүруі

үшін термодинамикалық шарттарға жақсы жағдай жасау керек. әрекеттесу уақыты үрлегіш зонасында балқыманы араластыру көлемі мен агрегаттың меншікті өнімділігінен тәуелді және де үлкен мөлшерде өзгертілуі мүмкін емес. Өйткені агрегаттың меншікті өнімділігінің төмендетілуі көп жағдайларда тиімсіз. Барботирлеу зонасындағы балқыма көлемін жоғарлату пештің конструктивті өлшемдерімен шектеледі. Пешті пайдалану тәжірибесіне сүйенсек, үрлеуіш деңгейінің балқыманың оптималды биіктігі 0,4-0,8 м аралығында, соның себебінен үрлеуіш қиындысында $\sim 0,12-0,25$ кгс/м² аралығында керіқысым жасайды. Әрі қарай үрлеуіш дейгейінен ($>0,8$ м) балқыма биіктігін жоғарлатсақ, үрлегіштегі керіқысымның және үрлегіш коллекторындағы керек қысымның өсуіне әкеледі. Бұл тәжірибелік түрде қиын. Магнетитті темір сульфидімен тотықсыздандыру реакциясының жақсы термодинамикалық шарттарда жүруі үрлеуіш зонасындағы балқыманың қарқынды араласуына әкеліп соғады. Бұл жағдай реакцияның жүруі үшін балқыма бетінде реакциясының SO₂ теңсалмақты парциалды қысымы оның балқымадан шығатын газдардың (0,2-0,4 атм.) құрамында болуына қарағанда біршама жоғары болуына байланысты. Реакцияның балқыма көлемінде жүру үшін реакцияның SO₂ теңсалмақты парциалды қысымы балқыма ішінде газдың көпіршіктірінің пайда болуына қажетті қысымға қарағанда жоғары болуы керек, яғни 1,1-1,2 атм. Сондықтан барботаж зонасындағы балқыманың жоғары газға қанығуы магнетиттің тотықсыздануы үшін жақсы термодинамикалық шарттар жасайды [1-4].

Үрлеуіш зонасындағы балқыма барботажы штейн тамшыларының кездесуін көп есе арттырады, мұның себебінен олардың коалиценция (үйю) болуы үшін жақсы мүмкіндік жасайды. Осының нәтижесінде эмульсиядағы штейн тамшысының орташа өлшемі 70 мкм-нан (сульфид концентраттарының бөлшектерінің өлшемі) 0,5 мм-ге және одан жоғары болып өседі. Бұл тамшылар ауырлық күштің астында байқалатын жылдамдықпен шлакқа отырады, бұдан үрлеуіш зонада фазалардың толық бөлінуін толық қамтамасыз етеді.

2.3 Мыстың шлакпен бірге жоғалуы

Мыстың шлакпен бірге жоғалуы үрдістің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады және ол көбінесе экономиканы анықтайды. Мыстың шлакпен бірге жоғалуын азайту оның штейнге шығуын арттырады, яғни тауарлы өнімнің алынуын жоғарлатады және керісінше үйінді шлактардың құрамында мыстың артуы оның тауарлы өнімге шығуын азайтады, сонымен бірге оның өзіндік құнының өсуіне әкеледі [3].

Мыс балқыту өндірісінде мыс жоғалуы традициялы түрде механикалық (штейннің шлакта тамшы ретінде) және физика-химиялық (ерітілген), сол сияқты көптеген кешенді факторлардан тұрады: балқыту температурасы, штейн және шлак құрамы, газды фазаның құрамы, агрегаттың конструкторлық

ерекшелігі, пештегі гидродинамикалық жағдай және т.с.с. Мысалы, балқыма температурасының өсуі оның тұтқырлығын азайтады, яғни механикалық жоғалуды төмендетеді, бірақ та температураның $>1300^{\circ}\text{C}$ -дан артық көтерілуі темірсиликатты шлак үшін аз эффект береді, сонымен бірге артық қыздырудан ерітілген жоғалулар артады. Осы себептердің бәрінен авариялы жағдайлардың ықтималдылығы пайда болады-аса жоғары қыздырылған балқыма тығыздалмаған және дұрыс қаланбаған жерлерден, тығыздалмаған кессондардың қосылу орындары арқылы ағуы мүмкін. Сонымен бірге артық суыту да қажет емес, себебі мыстың механикалық жолмен жоғалуы (шлактың тұтқырлығы артады), пеште және сифонда концентраттармақтың, аралық қабаттың пайда болуы, перетоктардың суытылу мүмкіндігі артып авариялы жағдайға алып келеді [2].

БМҚЗ-дағы Ванюков пештерінде жүргізілген зерттеулер мыс шикізаты үшін балқытудың оптималды температурасы $T=1250-1300^{\circ}\text{C}$, мыс-мырыш шикізаты үшін $T>1300^{\circ}\text{C}$ екенін көрсетті. Сонымен бірге, балқыту температурасын $1250-1300^{\circ}\text{C}$ деңгейінде ұстап тұру шлакта механикалық салмақтың төмен құрамын қамтамасыз етеді яғни-механикалық жоғалулардың үлесі жалпы шлактағы мыс құрамының 5-10%-тен аспайды. Мыстың жоғалуының қосындысы осы жағдайда 0,4-0,6% ($\text{SiO}_2=31-33\%$) құрайды.

ПВ пешінде мыстың шлакпен жоғалуының басқа маңызды факторларының бірі оның ішіндегі кремнеземнің құрамы болып табылады.

3 Жобаланатын өндіріс сипаттамасы және технологиялық есептер

3.1 Өндірістің қысқаша сипаттамасы

Балқаш мыс қорыту зауыты Қазақстан Республикасының Қарағанды облысындағы Балқаш қаласында, Балқаш көлінің солтүстік жағалауында орналасқан. Бұл ірі өндірістік кешен «Қазақмыс» Корпорациясының құрамына кіреді және толық өндірістік циклді болып есептеледі, себебі мұнда 16 кеніштегі тау-кен жұмыстарынан бастап, 8 байыту фабрикасындағы кен байыту, байытылған кенді 2 (Жезқазған және Балқаш) металлургиялық зауыттарда өңдеу және одан тауарлы бұйымдар өндіру жұмыстары жолға қойылған. Зауыт 1938 жылы дүние жүзіндегі ең ірі кен орындары болып есептелетін Қоңырат пен Саяқ кеніштерінің мысты-порфирленген кендерін өңдеуге негізделген болатын. Қазіргі кезде зауытта осы кендермен қоса басқа жақтан жеткізілетін мысты-молибденді, мысты-мырышты кендерді де өңдейді. Зауыт құрамына байыту фабрикасы, мыс қорыту зауыты, мысты қорытпалар дайындау және бірнеше қосалқы бөлімшелер кіреді.

БМҚЗ катодты қызыл мыс, мысты қорытпалар, вайербарстар, мыс купоросын, молибденді өнім, күкірт қышқылын, рений, никель тұздарын, висмут, кадмий, қорғасын бар қорғасынды шаңдарды, құрамында күміс, алтын, палладий, селен, теллур бар мысты-электролитті шламдарды, темір концентратын өндіріп шығарады. Зауыттың жанында оттекті станция бар, онда техникалық оттегі және азот өндіріледі. Соған қоса, зауытта эмальсымдар және басқа да халық тұтынатын тауарлар өндірістері жұмыс жасайды.

3.2 Шикізат базасы, жобалатын цехтың құрамы

БМҚЗ өзінің кендік базасы – Қоңырат пен Саяқ кеніштерінде кен ашық әдістермен өндірілген және олардағы мыстың мөлшері 0,6-0,8 % болған еді. Кейіннен бай кендер таусылып, құрамында 0,2-0,33 % мысы бар кендер өңдеуге жарамды деп есептелді. Қазіргі кезде зауыт жанындағы байыту фабрикасында осы екі кеніштің кендеріне қоса құрамында 0,55 % жуық мысы бар шлактарды бірге байытады. Бірақ шлактардан мыстың бөліну дәрежесі төмендеу. Сонымен, БМҚЗ жақын орналасқан ең ірі (Қоңырат пен Саяқ) кен орындарының кендері өңделіп бітуге таяу және құрамындағы мыс мөлшері төмен болғандықтан, жаңа кен орындарын игеру жұмыстары жолға қойылған. Атап айтсақ, 2011-2012 жылдары БМҚЗ-нан 540 км қашықтықта орналасқан Шатыркөл кен орынын, шығыс дивизионында 900 км қашықтықта орналасқан Ақбастау карьерасын, Ақбастауға 16 км қашықтықта орналасқан Қосмұрын кенішін игеруге және кен орнына жақын жерге байыту фабрикасын тұрғызуға 800 млн АҚШ доллары шамасында инвестиция қажет болды.

2013 -2014 жылдары «Қазақмыс» Корпорациясын қайта ұйымдастыру (реорганизация) шешімі қабылданып, оның құрамына кіретін екі ірі мысты кен орындары – Бозшакөл (Павлодар облысында) және Ақтоғай (Семей облысында, Балқаштан 420 км қашықтықта орналасқан) жаңадан құрылған «Казминералс» мыс өндіру компаниясына берілді. Бірақ «Қазақмыс» және «Казминералс» компанияларының негізгі акционері Cuprum Holding компаниясы болып табылады.

2013 жылдары Бозшакөл және Ақтоғай кен орындарының базасында тау-кен және байыту комбинаты құрылыстары жүргізілді. 2015-2017 жылдардан бастап мыс өндірісі жолға қойылды. Қазіргі кезде Ақтоғай кен орнында тотыққан мыс кендерінен тікелей катодтық мыс өндіріледі. Соған қоса сульфидті мысты кендер байытылып, сульфидті мысты концентраттар өндіріледі. Бозшакөл кен орынында 1,183 млн т жуық минералды ресурстар бар, ондағы мыстың орташа мөлшері 0,35-0,36 %. 2017 жылы мұнда 101 мың т мыс өндірілді. Ілеспелі метал ретінде алтын, күміс және молибденді өнімдер өндіріледі.

Ақтоғай кен орынында 2015 жылы алғашқы катодтық мыс алынды. 2017 жылы сульфидті мысты концентрат өндіріледі. Бұл кен орынын пайдалану мерзімі 50 жылға бағаланған. Жылдық өнімділігі 25 млн т сульфидті кен. Мұндағы мысты ресурстар 5,8 млн т деп есептелген, құрамындағы мыс мөлшері – тотыққан кендерде - 0,37 %, ал сульфидті кендерде - 0,33 %. Ілеспелі өнім ретінде 115 мың т молибден көрсетілген. Бұл жобалар шет елден (Қытайдан) тартылған инвестицияның көмегімен жүзеге асырылды. Сондықтан қазіргі кезде «Қазақмыс» және «Казминералс» компанияларында өндірілген мыстың 80 % жуығы Қытайға экспортталады. Ақтоғай кен орнында өндірілген мысты сульфидті концентраттар Балқаш мыс қорыту комбинатына өңдеуге түседі, соған қоса шет елдерге де сатылады.

Қоңырат кеніші зауытқа 12 км қашықтықта орналасқан. Оны қайта реконструкцияланғаннан кейін, қазір мұнда кен құрамындағы мыс 0,34 %, молибден - 0,003 %. Бұл 2020 жылға дейін кен өндіруге жоспарланған.

Саяқ кеніші Балқаш қаласынан 200 км қашықтықта орналасқан. Оның құрамына Саяқ 1 және Тастау деген 2 карьера кіреді. Олардың тереңдігі 175 м және 120 м, сәйкесінше. Кендегі мыс мөлшері 0,6 %, молибден - 0,005 %.

Шығыс Қоңырат кен орыны Балқаштан 34 км-де орналасқан. Оны жер асты әдіспен игереді. Онда тереңдігі 220 м және 250 м болатын 2 шахта бар. Кендегі молибден мөлшері 0,06 %.

Бұдан басқа, Қарғатас тобындағы кен орындары Балқаш қаласының оңтүстік шығысында 100 км қашықтықта орналасқан. Кендегі мыстың орташа мөлшері 0,33 %, молибденнің мөлшері 0,04 %. Бұл ашық әдіспен игерілетін кен орынына жатады.

БМҚЗ шикізат базасындағы алтынқұрамды қосымша кендер «Алтай алтын» және «Юбилейная» фабрикаларынан жеткізіледі.

3.3 Негізгі технологиялық және жобалық шешімдер

БМҚЗ жағдайында мысты кендер мен концентраттарды өңдеу бастапқы шихтаны Ванюков пешінде штейнға дейін балқыту арқылы іске асады. Қазіргі кезде осы штейндарды ары қарай көлденең конвертерде кварцты флюс және суық материалдар қосу арқылы ары қарай өндейді.

Жобаланатын цехтың басты жабдығы Ванюков пеші. Цехтың құрамында бас ғимарат, қоймалар, әкімшілік-тұрмыстық корпус бар. Басты ғимаратта қосымша негізгі бөлімге перпендикуляр орналасқан ковштарды өңдеу, суық материалдарды дайындау бөлімі бар. Ол жерде айналмалы материалдарды да тиеу жұмыстары орындалады. Шихта дайындау және тиеу бөлімінен транспортер арқылы шикізат пештің қабылдау бункеріне түседі. Пешке алдымен сұйық шлак құйылады және үрлеу басталады. Оның үстіне шихта кесектері жүкеледі. Процес барысында түзілген штейн және шлак бір бірінен тығыздығы арқылы бөлініп, тиісіті тесіктер арқылы пештен шығарылады. Пеш газдары пештің күмбезіндегі газ жолы арқылы шығып тұрады. Пештің бүйір қабырғасында сумен суытылатын кессондар орнатылған, бұл пешті қызып кетуден сақтап тұрады. Пеш газдары газ жолында алдымен шаң аулау камерасына түседі. Шаңды камера ірі шаңдарды аулайды, және ол циклонды камерамен тізбектей жалғасқан. Циклонды камералар тот баспайтын болаттан жасалған. Циклоннан шыққан газдар ұсақ шаңнан тазарту үшін электр сүзгіштерге түседі. Тазартқан шаңдарды ары қарай күкірт қышқылы өндірісіне жібереді. Шаңды камера мен газ жолы металдық қаптамада орнатылған.

Балқыған массаларды тасымалдау үшін сыйымдылығы 5 м³ болаттан жасалған ковштар қолданады. Оны 50 тонналық көпірлі крандармен тасымалдайды. Суық материалдарды тасымалдау үшін 10 тонналық грейферлі крандар қолданады.

Цехта жұмыс істейтін адармдар саны мен олардың кәсіби-біліктілік құрамына тоқталар болсақ, инженер кадрлары техникалық мамандар дайындайтын жоғарғы оқу орындарында дайындалады. Цехтағы инженерлік техникалық кадрлар мен кіші қызметкердердің жалпы саны 17 адам. Цех 3 ауысыммен жұмыс істейді. Бір ауысымдағы жалпы жұмысшылар саны 21 адам деп қабылдадық. Жалпы тізімдік жұмысшылардың саны 177 адам. Балқаш қаласының 100 мың тұрғыны бар, бұл жобаланатын цехтың жұмысшылармен толық қамтамасыз етілетінінен көретеді.

Электр энергиясымен қамтамасыз ету мәселесіне келсек, Балқаш өндірістік бірлестігінің құрылыс алаңында құрамына жылу электр станциясы кіреді, бұл қала мен өндірісті электр энергиясымен қамтамасыз етуге қабілетті.

Өндіріс экономикасын санау үшін жобада цехтың өнімділігі 200 мың тонна штейн жылына деп қабылданды. Жұмыс уақытының тиімді қоры 340 тәулік. Осы өнімділікті қамтамасыз ету үшін үздіксіз жұмыс істейтін 2

Ванюков пеші кезекпен жұмыс істейді. Соңғы өнім штейндағы мыстың мөлшері 50 %-дан артық болуы керек.

Ванюков пешінде кессонды суыту екі контурлы әдіспен жүреді. Алдымен 1-ші контурды суытады, сол бірінші контур арқыл 2-ші контурды суытылады. 1-ші контур желдетіп суытқышқа қосылған. Сонда ауа арқылы суытылып тұрады. Желдетіп суытқыштар ретінде Д-800 маркалы өнімділігі $800\text{м}^3/\text{сағ}$ айналмалы сорғылар қолданады. Олардың үшеуі үздіксіз жұмыс істеп тұрады да, біреуі жөндеуде, ал қалған біреуі резервте тұрады. Айналмалы желдеткішпен бірінші контур суытылған кезде пайда болатын суларды сорып тұруы үшін өлшемдері $57*35$ түтікшелер тартылған, олар арнайы реттегіш клапандар арқылы $377*7$ су құбырларына жалғастырылып соратын сорғыштарға жеткізіледі.

Кессондраталған элементтер арқылы өткен су құбырлар арасындағы жылу алмастырғыш кеңістікке түсіп, суыйды да, қайтадан айналмалы насос арқылы сорылады, жалпы сегіз жылу алмастырғыш орнатылған (төртеуі-жұмыс істеп, екеуі- резервте, екеуі- ремонтта тұрады).

Екінші контурда қайтармалы су құбырымен жабдықталған сорғы станциясынан тұрады. Өнімділігі 4000м^3 , үш секциялы сусалқындатқыш желдеткішпен АВГ-70, көлемі 432 м^3 және құбырлар желісінен тұрады.

Сорғылар станциясында төрт ортадан тепкіш Д1250-245 (екеуі-жұмыста, екеуі- резервте) сорғысы қойылған. Қабылдау камерасында суытылған жуынды су В-4 су жүргіш құбырына беріледі де жылу алмастырғыш құбыр ішіндегі кеңістікке түседі, ол жерде бірінші контурдағы химиялық қоспадан тазартылған су салқындатылады. Одан кейін В-5 су құбыры арқылы су салқындатқышқа беріледі де, суытылып өз ағысымен қабылдау камерасына түседі.

Судың өңделуі қышқылдандырумен, фосфаттандырылумен және мыс тотияйынымен жүргізіледі.

В-4, В-5 су жинағыш құбырларына су шығынын өлшеуге арналған, жіңішкертілген өлшеуіш құрал орнатылған.

Кессондалған элементтердің суытылуы мынандай жолдармен жүргізіледі: ПВ пешінің оң және сол жақтарымен тегеуірінді және тасталмалы аралық коллекторлар өтеді [5].

Пеште аралық коллектор орнатылған. Тегеуірінді коллектор пештің фурмаларымен қосылған.

1-ші және 2-ші кессондар қатары парлы қосылған. 3-ші және 4-ші кессондар қатары әрқайсысы бөлек қосылған.

Конвертерлі ауамен және оттекті-ауалы қоспамен қамтамасыз ету ПВ-2 пешіндегі қолданылатын конвертерлі ауа жалпы коллектордың ауа үрлегіш құбырынан келеді. Ауа үрлегіште ауаны тұтынуды өлшейтін диафрагма орнатылған.

Техникалық оттегіні ПВ пешіне берілу екі КАА-15 оттекті блоктар арқылы жүзеге асады. Оттегі және ауа араласу түйінінде араласып,

фурмаларға беріледі. Әрбір фурманың фурмалық жеңінде қолға арналған жапқыш орнатылған.

4-6 кгс/см² қысымды қысылған ауаны тарату комбинаттың орталық құбыр компрессорынан жүргізіледі. Фарсункаға мазутты шаңдату үшін, қысылған ауаны пеш бойымен тарату жасалған. Ауа үрлегіште шығын өлшегіш шайбалар және жабатын органдар орнатылған.

Кешенге электр тарату электр тарату кернеуі 10 кВ ЦРП-1-ден екі 10/0,4 кВ, қуаты 1600 кВа трансформатор арқылы жүргізіледі. 0,4 кВ жағында трансформаторда кернеу жоғалған кезде резервті АВР-дің автоматты қосылуы қарастырылған.

Трансформаторлық подстанциядан кессондардың біріншілік контурының су таратылуы, шихтаны тиеу жолы, жұмыстық және авариялық жарықтану, РКПВ-25/44 қатанының сорғылары, ӨҚБ және А қалқасы коректендірілген.

Шлақты миксердің 1 және 2-ші трансформаторына электр тарату 10 кВ кернеумен ЖЭО арқылы жасалады және ол пештің трансформаторының 4500*2 кВа қуатын 80-190 В кернеуге түрлендіреді. Электромиксер трансформаторына екінші енгізу қарастырылмаған.

Айналмалы су таратуды электрмен қамтамасыз ету, ЦРП-1-ден қуаты 630*2 кВа 10/0,4 кВ трансформаторлары арқылы жүргізіледі.

0,4 кВ төменгі жағында резервті автоматты сөндіру (РАС) қарастырылған.

Орталық станцияға электр тарату ЦРП-1-ден қуаты 1000 кВа 10/ 0,4 кВ трансформаторымен жасалады. 0,4 кВа төменгі жағында резервті автоматты сөндіру (РАС) орнатылған.

Технологиялық механизмдердің электр жентектерін басқару үшін келесі режимдер қабылданған:

- жөндеу жұмыстарынан кейінгі жергілікті сынау, ал кейбір механизмдер үшін жұмыс режимі;
- оператор бөлмесінде орнатылған дистанционды компьютер көмегімен;
- технологиялық параметрлер үшін автоматты, ол негізінен оттекті-ауалы қоспаның шығынын реттейтін бітеу арматура үшін және қазан барабанының деңгейін автоматты бақылап, реттеуге.

3.4 Технологиялық есептер

3.4.1 Материалдық баланс есебі

Материалдық баланс есебі Қосымша А-да келтірілген. Оны орындау үшін келесі химиялық құрамды мыс концентратын алдық, %: Cu-20,0; Fe-25,0; S-32,859; Pb-2,0; Zn-1,5; Ni-1,0; Sb-0,3; Mo-0,2; As-0,2; Ag-0,05; Au-0,001; Se-0,05; Te-0,04; Re-0,02; SiO₂-11,84; Al₂O₃-2,0; CaO-1,0; MgO-0,5; C-0,1; Cl₂-0,5; Si-0,09; O₂-0,7434. Алдымен концентраттың рационалдық құрамын есептедік.

8 Кесте - мыс концентратының құрамы

Элемент	Cu	Fe	S	Pb	Zn	Ni	Sb	Mo	As	Ag	Au
%	20,0	25,0	32,859	2,0	1,5	1,0	0,3	0,2	0,2	0,05	0,001
Элемент	Se	Te	Re	SiO₂	Al₂O₃	CaO	Mgo	C	Cl₂	Si	O₂
%	0,05	0,04	0,02	11,84	2,0	1,0	0,5	0,1	0,5	0,09	0,74

Концентратта мыс, темір, қорғасын, мырыш, никель, сурьма, молибден, мышьяк, алтын, т.б. металдардың минералдары болады. Оларды келесі түрде деп қабылдадық, %: Cu₂S (Cu-80,319); CuFeS₂ (Cu-17,0); Cu₂O (Cu-0,5); Cu₃As (Cu-1,27); Cu₂Se (Cu-0,241); CuCl₂ (Cu-0,67); FeS₂ (Fe-94,6716); FeO (Fe-1,0); Fe₃O₄ (Fe-1,0); FeSiO₃ (Fe-0,5); FeCO₃ (Fe-2,1212); FeAs₂ (Fe-0,1695); FeCl₃ (Fe-0,5377); PbS (Pb-73,0749); PbSiO₃ (Pb-6,475); PbSe (Pb-2,262); PbTe (Pb-3,2375); PbCl₂ (Pb-14,59); ZnS (Zn-83,06567); ZnO (Zn-8,185); ZnSiO₃ (Zn-2,7); ZnCl₂ (Zn-0,61); NiS (Ni-95,164); NiSb (Ni-4,836) және т.б.

9 Кесте – Концентраттағы металдардың минералдарының құрамы

Минерал	Cu₂S	CuFeS₂	Cu₂O	Cu₃As	Cu₂Se	CuCl₂	FeS₂	FeO	Fe₃O₄	FeSiO₃
% Cu	80,319	17,0	0,5	1,27	0,241	0,67	94,67	1,0	1,0	0,5
Минерал	FeCO₃	FeAs₂	FeCl₃	PbS	PbSiO₃	PbSe	PbTe	PbCl₂	ZnS	ZnO
% Fe, Pb, Zn	2,1212	0,165	0,5377	73,07	6,475	2,262	3,2375	14,59	83,06	8,185
Минерал	ZnSiO₃		ZnCl₂		NiS			NiSb		
% Zn, Ni	2,7		0,61		95,164			4,836		

Осы компоненттердің штейнға, шлакқа, шаңға және газға шығуын және олардың құрамдарын есептедім. Мыстың штейнға шығуы 98% деп қабылдадық. Сонда штейндағы мыстың мөлшері 53,0 % болды. Темірдің үлесі 16,1 %. Конверторлық шлак құрамы, % 2,0 Cu; 1,0 Pb; 11,4 Fe₃O₄; 53,0 FeO; 1,5 Al₂O₃; 1,5 S; 27,0 SiO₂; 0,1 Zn; 1,0 MgO; 1,5 CaO.

10 Кесте – Конверторлық шлак құрамы

Элемент	Cu	Pb	Fe₃O₄	FeO	Al₂O₃	S	SiO₂	Zn	MgO	CaO
%	2,0	1,0	11,4	53,0	1,5	1,5	27,0	0,1	1,0	1,5

3.4.2 Жылулық баланс есебі

Жылулық баланс есебін Қосымша Б-да келтірілген. Бұл бөлімде жылудың келуі мазут, ауа, оттегі, шихтаның физикалық жылуымен қоса, негізгі жылу мазуттың жануынан, үрлеу кезіндегі компоненттердің экзотермиялық реакциясынан бөлінеді деп есептелді. Жылудың шығысы балқыту өнімдері – шлак, штейн және газбен шығатын жылумен қоса, пеш

кабырғаларына, суытуға және эндотермиялық реакцияларға кететін деп есептелді.

3.4.3 Пештің негізгі өлшемдерін есептеу

Пештің негізгі өлшемдерін есептеу нәтижелері Қосымша В-да келтірілген. Жалпы Ванюков пешінің тәуліктік өнімділігі - 1900-2900 т болатын. Біздің жағдайда пештің меншікті өнімділігі 2400 т / тәул, ал табан ауданы бойынша $80 \text{ т/м}^2 \cdot \text{тәул}$ деп есептедік. Сонда пештің табан ауданы $30,0 \text{ м}^2$, ені 2,0 м, ал ұзындығы 15,0 м болды. Пештің биіктігі, м: $h_1=0,3$; $h_2=0,7$; $h_3=1,5$, $h_4=1$. Бөлімдегі Ванюков пештерінің саны – 2

4 Өндірістік экономика есебі

Өндіріс экономикасының есебі Қосымша Г-да келтірілген. Оны есептеу үшін балқыту цехының Ванюков пешінде балқыту бөліміндегі жұмысшылар, ИТЖ, қызметкерлер, МОП және т.б. көмекші жұмысшылар саны анықталды. Балқыту бөлімінде жұмыс ауыр болғандықтан, 6 сағаттық жұмыс күні қабылданды. Соған сәйкес 5 бригада анықталып, 3 ауысым графигі құрастырылды. Айлық, жылдық жұмыс және демалыс уақыты есептеліп, жалақының жылдық қоры анықталды.

Сметалық құжатты құрастыру үшін негізгі және қосымша ғимараттардың және бөлімдегі жабдықтардың құрылысына, амортизациясына, жөндеу жұмыстарына кететін шығындар есептелді.

1 тонна штейннің өзіндік құнын анықтау үшін Ванюков пешіне 919954,55 т шихта, оның ішінде 805853,72 т концентрат, 82511,36 т конверторлы шлак, 3589,47 т әктас қажет. Сонымен бірге, электр энергиясына, жұмысшылар жалақысына кетемін шығындарды қоса есептедім. Соңынан өндірістегі пайда, рентабельділік (30,1%) және өндірісті ұйымдастыруға кеткен шығындардың ақталу мерзімі (2,4 жыл) анықталды.

5 Еңбекті қорғау және тіршілік қауіпсіздігі

5.1 Еңбек қорғаудағы ұйымдастыру шаралары

Жобада Балқаш мыс қорыту зауытының балқыту цехының сұйық ваннада балқыту бөлімі қарастырылуда. Бұл өндіріс үздіксіз жұмыс істейтін өндірістердің қатарына жатады. Үздіксіз жұмысты қамтамасыз ету 3 ауысымды және 5 бригаданы қажет етеді. Бөлімдегі негізгі және қосалқа жұмысшыларға 6 сағаттық жұмыс күні қарастырылған. Жоғарыда аталғандай, бұл бөлімде мыс концентратын балқытуға және өңдеуге арналған екі Ванюков пеші салынды. Мыс өндірісі зиянды еңбек жағдайымен байланысты. Бұл өндірістегі негізгі қауіп төндіретін факторлар: жоғары температурадағы жұмыс жағдайы, газды ортадағы жұмыс жағдайы, физикалық күштің керектігі. Мыс қорыту жұмысына жасы 18-ге толған, сәйкес медициналық комиссиядан өткен адамдар жіберіледі. Жаңадан келген жұмысшылар зауыттың техника қауіпсіздігі бөлімінде міндетті түрде алғашқы инструктажды алып, цех әкімшілігі мен жұмыс орнында емтиханнан өтеді. Одан кейін жаңадан келген жұмысшы, маман жұмысшының басқаруымен жұмыс тәсілдерін 10 күн тәжірибелік үйренуден өтеді және оқу мерзімі өткеннен кейін, арнайы комиссияға техника қауіпсіздігі ережелері бойынша емтихан тапсырады.

Аталған сұйық ваннада балқыту бөлімінде барлық жұмысшылар 4 айда бір рет техника қауіпсіздігінің инструктажынан өтеді. Инструктажды техника қауіпсіздігі бойынша ауысым мастері және қызмет жетекшісі жүргізеді. Цех әкімшілігі техникалық минимум саласы бойынша жұмысшылардың жыл сайын оқуын қамтамасыз етеді. Жылына бір рет жұмысшылар қадағалау мен бақылау органдарының қадағалауымен комиссияға техника қауіпсіздігінен емтихан тапсырады. Бақылау органдарының құрамына өндіріс тарапынан электромонтер, механик, технолог және ұйымдастырушы-техник кіреді. Ал мемлекет тарапынан қадағалау органдарының құрамынан өкілдері келіп тексеру жүргізіп отырады. Көпірлі кран жүргізушілері және оған белгі берушілер, Ванюков пешінің кезекшілері және жөндеушілері техника қауіпсіздігі ережелерінен тапсыратын емтиханнан басқа, мемлекеттік техникалық қадағалау және энерго қадағалау ережелері салалары бойынша емтихан тапсырады. Цех әкімшілігі барлық жұмысшыларды техника қауіпсіздігіндегі инструкциямен қамтамасыз етуі керек.

5.2 Технологиялық процестің қауіпті және зиянды факторлары

Балқыту цехының өндірістік ортасы қауіпті және зиянды факторлар сипаты жағынан адам денсаулығына және еңбек етуіне зиянды әсер етеді. Сондықтан мұндағы еңбек жағдайы зиянды өндіріске жатады. Сульфидті мысқұрамды шикізатты ВП-де өңдеу кезінде жылудың, күкірт диоксидінің, шаңның цех атмосферасына бөлінуі болады. ВП-ның қалыпты жұмыс істеу

кезінде шу деңгейі қажетті шектен аспайды, бірақ пешті резервке тоқтату, фурмалық каналдарды үрлеу кезінде шудың деңгейі 90-95 дБ-ге дейін жетеді.

Цехтағы атмосфераға жылу бөліну шлакты және штейнді құю кезінде, пештің фурмалық белбеуінен жоғары жағынан, пеш күмбезінен, шаңды камерадан, пештің газжүретін жолынан және шлак жинағыш пен оның күмбезінен, штейн жинағыш пен оның күмбезінен, конвертерлі шлакты Ванюков пешіне құю терезесінен пайда болады.

